



Әулиеқол ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Әулиеқол аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ

Құсмурын ауылдық кітапханасы

ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Кушмурунская сельская библиотека



Шоқан Уәлиханов
мұрасы
Наследие
Чокана Валиханова

Библиодосье к 190-летию Ч.Валиханова

Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Құсмұрын ауылдық кітапханасы
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Кушмурунская сельская библиотека

«Шоқан Уәлиханов мұрасы»
=
«Наследие Чокана Валиханова»

Библиодосье к 190-летию Ч. Валиханова

**Құрастырушы/
Составитель
Шығарылымға жауапты/
Ответственный за выпуск
Мұқабаны безендірген /
Дизайн обложки
Редактор**

Амирова Динара Сапабековна
Федорович Лариса Николаевна
Мукушова А. К. – аға библиограф /
старший библиограф
Холоша Д. М.

Серкебаева С. Ж. – Директор
Аулиекольской ЦБС

«Шоқан Уәлиханов мұрасы»=«Наследие Чокана Валиханова» : библиодосье [Мәтін] / Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ ; құраст.: Амирова Динара Сапабековна ; Федорович Лариса Николаевна ; редактор С. Ж. Серкебаева. – Әулиекөл. – 2025. – 40 б.

Қазақстанда ғылыми және әлеуметтік ойлардың негізін қалаушы, қазақ халқының ұлы ғалымы және ағартушы-демократы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туралы библиодосьеге өмір жолы мен еңбектері, естеліктер мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар еніп отыр. Өз еліне шын беріліп, оны терең сүйе білген Шоқан өмірі – біз үшін үлкен өнеге. Оның философия, этнография, тарих, экономика, құқық, жағрафия, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы жайындағы құнды-құнды еңбектері мен пікірлерінің маңызы қашанда зор. Шоқан Уәлиханов – ерекше жаратылған, қайталанбас тұлға. Қазақтан шыққан ұлы ғалым. Ұлы перзентін басына асқақтата көтерген халық қана шоқтығы биіктей түсетінін ұмытпайық.

Құрастырушыдан

Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың есімі Қазақстанның мәдениеті мен қоғамдық-ғылыми ойының тарихында құрметті орын алады. Аса көрнекті ғалым әрі ағартушы Шығыс халықтары туралы толымды да жемісті ғылыми зерттеулер жүргізді және сол бір кезде сыры-қыры ашылмаған беймәлім елдерге асқан қауіп-қатерге қарамай белді буып, батылдықыпен саяхат жасады.

Шоқан Уәлихановтың артында мол ғылыми мұра қалды. Ол Орта Азия мен Қазақстанның тарихына, жағрафиясына, этнографиясына арналған аса маңызды қыруар еңбектер, қоғамдық-саяси тақырыптарға арналған шығармалар қалдырды. Сонымен бірге Шоқан өзі зерттеген елдерді картаға түсіру ісіне елеулі үлес қосқан ғалым. Әрі бірнеше тілдерді жетік білгендігінің арқасында көне ескерткіштер мен деректерді де түпнұсқалары бойынша зерттеді. Өз халқының жарқырап туған жұлдызы болған ол өз заманының аса көрнекті ғалымдары арасында тарих ұсынған лайықты орнында тұр.

Шығыстану көгінде, халқымыздың тарихи болмысының биігінде мәңгілікке жарқыраған жарық жұлдызы. Қазақстанда ғылыми және әлеуметтік ойлардың негізін қалаушы, қазақ халқының ұлы ғалымы және ағартушы-демократы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болды.

Әдебиет бөлімдер бойынша жүйеленген.

Библиодосьедегі материал қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған.

Библиодосье ізденушілерге және оқырмандардың кең ауқымына арналған.

Материал <http://auliekol-cbs.kz/ru/> сайтта көрсетілген.

От составителя

Чокан Валиханов – выдающийся казахский историк, путешественник и дипломат. Его жизнь и достижения оставили неизгладимый след в истории Казахстана и внесли большой вклад в развитие науки и культуры.

Родившись в семье кочевников, Чокан Валиханов с самого детства проявлял необычайные способности и стремление к знаниям. Он учился в медресе, где получил фундаментальное образование и освоил такие науки, как история, география и литература.

Однако настоящую славу Чокан Валиханов получил благодаря своим путешествиям. В своих работах Чокан Валиханов описывал географию и этнографию региона, а также исторические и культурные особенности народов Центральной Азии. Его работы были полным откровением для западных ученых, которые ранее не имели доступа к такой информации. Благодаря его трудам, Центральная Азия стала предметом интереса для многих исследователей.

Чокан Валиханов стал настоящим символом национального гордости для казахского народа. Его исследования и труды помогли сохранить и передать будущим поколениям богатство и многообразие культур Центральной Азии.

Литература систематизирована по разделам.

Материал в библиодосье представлен на казахском и русском языках.

Библиодосье предназначено для широкого круга читателей.

Материал отражен на сайте: <http://auliekol-cbs.kz/ru/>

Дүниеге Шоқан келуі үшін қаншама асыл да нәзік қасиеттерді бір ғасырдан екінші ғасырға сақтай келіп және тұтас ұрпақтармен тәуекел етіп, бір руда сақтау керек болды. Халыққа данышпан қаншалықты қиын берілгенімен, және ол оны оп-оңай жоғалтып алады. Ол болашақтың адамы еді, бірақ өткен шақта өмір сүрді. Оның осы шағы – арман мен үмітсіздік, өмірге құштарлық пен түңілушілік сияқты балқытылмайтын компоненттерден құралған болатын.

Олжас Сүлейменов.

Өмірбаяны



Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы, қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекінісінде туған. Оның азан шақырып қойған аты Мұхаммедқанафия, әжесі Айғаным еркелетіп Шоқан деп кеткен. Мухаммедқанафия кішкентайынан алғыр, зейінді болып өсті. Тілі де ерте шығып, зеректігімен көзге түсті. Сәби шағынан үлкендердің әңгімесін, аузымен құс тістеген билер мен шешендердің сөздерін, көне қиссаларды, батырлық дастандар тыңдауға аса қызығушылық танытатын әдетімен ерекшеленді. Әдетте аға сұлтанның ақ ордасына ат басын бұрар қонақ көп. Әсіресе, жаз туып, ел жайлауға мамырлай қонған кезде. Меймандар арасында әкімшілік жайымен жүрген ел билеушілерімен қатар, ескі әңгімелерді мол білетін құйма құлақ қариялар, кезінде талай жорықтарды бастан өткерген кеуделі батырлар, сөзден өрнек өретін небір шешендер, жыраулар мен өнерпаздар, күміс көмей әншілер де баршылық. Ал оларды есі кете қызығып тыңдаушылардың бірі – сол үйдің кішкентайы Мұхаммедқанафия еді. Үлкендердің қасында тапжылмастан шоқиып отырып, әңгіме тыңдайтын баланы әжесі Айғаным: «Шоқиғаным, Шоқаным», деп еркелетеді екен. Ақырында оны кейіннен бүкіл ағайын-туғаны, ел-жұрты да осылайша атап кетті. Ол бүкіл ғұмыр кешкен ортасына, заманына Шоқан есімімен танылды. Шоқанның ұлы бабасы, Қазақ Ордасының соңғы әміршісі, атадан аса туған Абылай хан. Тілі шығып, сөз түсіне бастаған шақтан-ақ сұлтан үйінің тәрбиесіне сай, жас баланың санасына оның Ұлық хан тұқымы, айбынды баһадүр Абылайдың шөбересі екендігіне қатысты әңгіме де шым-шымдап сіңіріле берді. Және бұл ретте оған әрдайым «сен тура сол бабаңа тартқансың» деген сөздер де жиі арналатын. Бұған себеп, ел аузында қалған әңгімелерде айтылатындай, Шоқан апыл-тапыл жүре бастаған шағында аға сұлтан Шыңғыс үйінде қонақ болған дуалы ауыз қариялардың бірінің сәбиді көре салып, «аумаған Абылай ағамның өзі екен ғой» деп көзіне жас алған жайы бар. Шоқан әуелі Құсмұрындағы қазақ мектебінде оқиды. Мұнда ол араб жазуының негіздерін меңгереді және қарындашпен сурет салып үйренеді. Шоқанның бала кезіндегі қатты құмартқан өнерінің бірі сурет салу еді. Бұл өнерді ол Құсмұрын бекінісіндегі Уәлихановтардың үйінде ұзақ тұрған орыстың суретші-топографтары мен геодезистерінен үйренеді. Оның үстіне Уәлихановтардың ауылына жиі-жиі қонаққа келіп жүрген орыс ғалымдары, инженерлер мен

білімді офицерлер
де қабілетті
баланы
көркемөнер мен
әдебиетке
күштарландыра
түседі. Жас Шоқан
сұңқар салып,
саяттық құруға өте
құмар болған.
Сахарада
саяхаттап ұзақ



жүру оның дағдысына айналған. Шоқан өзінің туған елінің сұлу табиғатынан үлкен ләззат алған. Сонау бала кезінің өзінде-ақ ол Ақмола мен Баянауыл сахараларын аралап, Баянауыл тауларының маңындағы нағашыларына жиі барып, қонақ боп жүреді. Бұл сапарларынан алған әсерлері Уәлихановтың көпке дейін есінен кетпейді. 1847 жылдың күзінде он екі жасар Шоқан әкесімен бірге Омбыға оқуға келеді. Шыңғыс өзінің орыс достарының көмегімен баласын Сібірдің сол кездегі ең жақсы оқу орыны деп саналған Сібір кадет корпусына оқуға түсіреді. Сібірдің кадет корпусы «Әскери және жалпы білім ошағының бірі болды». Бұл оқу орнының мәдени өмірдегі маңызын дәл бағалау өте қиын еді. Аса көрнекті қоғам және әскер қайраткерлері, ғалымдар мен публицистер осында тәрбиеленіп шықты. Омбы кадет корпусында аса көрнекті саяхатшы және Сібір, Қазақстан, Моңғолстан мен Орта Азияны зерттеуші Г. Н. Потанин оқыды.

Кадет корпусындағы оқу жылдары



Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевский



Г. В. Госневский



Шоқан алғырлығы арқасында орыс тілін аз уақыт ішінде тез меңгеріп, барлық пәннен өз әріптестерінен алда болды. Уәлихановтың рухани өсуіне орыс әдебиетінің мұғалімі, шығыстанушы Н. Ф. Костылецкий, мәдениет тарихынан сабақ берген айдаудағы поляк ғалымы Г. В. Госневский, әдебиетші В. П. Лободовский елеулі ықпал етті. Кадет корпусында Костылецкий екеуі

қазақ эпосын зерттеуді қолға алып «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» орыс тіліне аударды. Қазақ ауыз әдебиетінің теория мәселелері сөз болатын. «Қазақтың халық дастандарының үлгілері туралы», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «18 ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар», т. б. еңбектерінен оның терең білімдарлығы көрінеді. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ұштауда бұл оқу орнының мәні ерекше. 1853 жылы оны аяқтап, атты әскер корнеті боп шығады. Шоқан Уәлихановтың қоғамдық және әдеби қызметі оқуды бітіріп шығысымен-ақ бірден басталады. Шоқан Сібірдегі қазақ әскерінің алты атты әскер полкіне белгіленеді, бір жылдан кейін Қазақстанның Батыс Сібір және Солтүстік шығыс аймағын басқаратын генерал Гасфорттың көмекшісі болып тағайындалады. Сонымен қатар ол айрықша тапсырмаларды орындаушы офицердің де қызметін атқарады.

1857 жылғы сапарында Шоқан Уәлиханов қырғыз халқының өмірімен, тұрмысымен жақсы танысып, оның тарихы мен этнографиясын, халықтық поэзиясын терең зерттейді. Генерал Гасфорттың жазуы бойынша «Уәлихановтың маған қызметке тұрғанына екі жылдан аспаса да, оның қырғыздың тілін, әдетін мүлтіксіз білуінің арқасында оны қырғыз жұртшылығы аса қадірлеп сыйлады. 1855 жылы ол менің дала саяхатыма қатысып, үлкен көмек көрсетті». Бұл сапарында жас Шоқанның әсіресе, қырғыз халқының «Манас» атты атақты поэмасына алғашқы рет көңіл бөліп, бірінші рет оны ғылыми жолмен жазып және орыс тіліне аударған. Қырғыз халқының ұлы жыры «Манас» – бір кезеңге және бір адамның – Манас батырдың төңірегіне жинақталған бүкіл қырғыз ертегілерінің аңыз, әңгімелерінің энциклопедиялық жинағы. Бұл өзі сахара Илиадасы сияқты нәрсе.

Шоқанның Қашқар сапарынан жазған есебі ғажап дүние болатын. Бір сәт назар аударып көріңізші. Географиялық шолу. Тарихи очерк. Халықтың орналасуы. Үкімет жүйесі және өлкенің саяси жағдайы. Өнеркәсіп пен сауда. Шоқан жазбалары орыс империясының келешекте Шығыс елдерімен қалай қарым-қатынас орнатуына белгілі ықпал еткені сөзсіз. Патша үкіметі әскери барлаушы Шоқан Уәлиханов еңбегін жоғары бағалады. Шоқан Уәлиханов өзінің бұл саяхатын он ай, он төрт күнде ойдағыдай аяқтап, 1859 жылдың он екінші сәуірінде Алматыға келеді. Ш. Уәлихановтың Орта Азия мен Шығыс Түркістанды зерттеуші ретінде ғылымға сіңірген еңбегін бүкіл дүниежүзілік ғылым тегіс мойындады. Оның еңбектері орыс, ағылшын, неміс және француз тілдерінде жарияланды.

Кадет корпусын аяқтағаннан кейін Шоқан Уәлиханов Омбыда қалады. Жас офицер-қазаққа Батыс Сібір мен Қазақстанның далалық аудандарының генерал-губернаторы Г. Х. Гасфорд назар аударды және оны өзінің адъютанты етіп, мұнымен бір уақытта – ерекше тапсырмалар офицері етіп тағайындайды. Батыс Сібір генерал-губернаторлықта алты жыл қызмет еткеннен кейін Шоқан Уәлиханов Жоңғарияға, Ыстықкөлге, Құлжаға, Қашқарияға бірқатар саяхат жасады, онда жағрафия, тарих, этнография бойынша бай материал жинады. Алғашқы саяхат 1855 жылы жазда болды, онда ол Сібірдің генерал-губернаторы Гасфордтың Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай бойынша

тексеру сапарына ілесіп жүрді. Қырғызстанға және Шығыс Түркістанға экспедициялардың сәтті аяқталуымен байланысты оған штаб-ротмистр, содан кейін ротмистр шені берілді. Омбыда Шоқан жиналған материалды өңдеу жұмысын істеді, жерді пайдалану, рулық қатынастар мәселелері бойынша жазбаларды, «Іле өлкесінің географиялық очеркін» жазды. 1856 жылғы көктемде Шоқан Ыстықкөлге барды. Топ сұлтандар мен албан, жалайыр, дулат руларының билерінен құралды. Аудармашы А. И. Бардашев болды. Экспедиция мақсаты – Ыстықкөл көлінің бассейніне топографиялық түсірілім жасау, қырғыз халқымен танысу. «Біз, - деп жазды Ш. Уәлиханов, экспедицияға қатысу құрметіне ие болдық және осы тас дәуіріндегідей жабайы қырғыздар арасында екі ай тұрып, олардың аңыздары мен тілдерін зерттей отырып, түрлі оң мәліметтер жинай алдық».

Ғылыми тұрғыдан алғанда бұл сапар Шоқан үшін жемісті болды, күнделіктер жазылды, суреттер салынды. Бағыт – Семей, Аягөз, Алакөл, арқылы Ыстықкөлдегі Орталық Тянь-Шаньға қарай. П. П. Семенов-Тянь-Шанский Шоқан Уәлихановтың: «Шығыс тарихы және қырғыздармен тайпалас халықтардың ерекшелігі бойынша тамаша білімдар» екені туралы жазды. Шоқан оның ғылыми зерттеулеріне көмек көрсеткен. 1856 жылдың соңында П. П. Семенов-Тянь-Шанский Петербургке есептермен бірге Шоқанды Орыс география қоғамының нақты мүшелігіне қабылдауға ұсыныс жасап, Шоқан туралы мақтаулы мінездеме жіберді. Осы ұсыныстар негізінде Қоғам кеңесінің 1857 жылғы 16 қаңтарындағы отырысында Шоқан Уәлиханов ОГҚ нақты мүшелігіне қабылданды. Оны сайлау туралы диплом қоғамның жалпы жиналысында 21 ақпанда қабылданды. Бұл акт жас зерттеушінің ғылым алдында сіңірген еңбегін жалпыға танылғанын көрсетті. П. П. Семенов-Тянь-Шанский Шоқанды география бойынша ғылыми әдебиетпен таныстырды және Петербургке барып, шығыс факультетінде курсты тыңдауға талпынысын қолдады. Шоқан ру аралық қырғыз қақтығыстарын реттегенше, коллекция жинағанша Петербургте Ресей мен Қытайдың сауда-экономикалық қатынастар мәселесін шешуде оның білімін пайдалану туралы мәселе шешілді. Шоқан Уәлиханов Құлжа қаласына дереу аттану нұсқауымен орыс дипломатиялық миссиясының құрамына алынды. Миссия мақсаты – қытай өкіметі мен келіссөздер жүргізу арқылы Қытаймен сауда қатынасын қалпына келтіруге қол жеткізу. Шоқан Уәлиханов Верный бекінісіне қайтып келеді. Құлжа қаласына сапар «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы еңбегінде көрсетілген. Қытай шенеуніктерімен келіссөздер жүргізгеннен кейін делегация достық қатынас орната алды. Құлжа мен Чугунчакта елшілік ашылды. Тапсырманы орындап, экспедицияда үш ай болып Шоқан өз білімін кеңейтті. Жас Ш. Уәлихановтың ғылыми нәтижелері 1856-1857 ж. «Ыстықкөлге саяхат күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар», жаңа мәліметпен толықтырылған «Ыстықкөлге саяхат күнделігі», «Жоңғария очерктерінде» көрсетілген. Бұрын жазған бұл жұмыстарын Ш. Уәлиханов жиырма жасында жазған.

«Жоңғария очерктері» – оның жұмыстарының ішіндегі маңыздыларының бірі, 1860 жылы Петербургте жазылған, «Географиялық қоғам жазбаларында»

жарияланған. Ш. Уәлиханов «саяхаттың екінші жартысы» туралы сөз қозғады: «1858 жылдың соңында маған қоқан керуенімен қоқан көпесі ретінде Қашқарға кіруге мүмкіндік болды».



1857 жылдың екінші жартысында көрші Шығыс Түркістандағы (Қашқария) саяси жағдаймен танысу үшін Ш. Уәлиханов тағы да Қырғызстанға жіберіледі, онда ұлт-азаттық қозғалыс басталады. Географиялық қоғам мен СІД Азиялық департаменті мен Ш. Уәлихановтың кандидатурасын қолдады. Үш өлкеде болған саяхатшылар – Плано Карпини, Гильом де Рубрук, Марко Поло туралы әдебиетті зерттеді. П. П. Семенов Тян-Шанский: «Шоқан Уәлиханов бүкіл Алтышардың жай-күйі туралы құнды материалдар жинап үлгерді» деп жазған еді. Зерттеуге жолды 1858 жылы салды, ол география, этнография, тарих бойынша кең материал жинады және шығыстанушы болды, оны «Шығыс сәулесі» деп атады. Оның соңында күнделік жазулары, жол көрсеткіштері, суреттері қалды, олар оның очерктерінің негізі болды. Жиналған материалдың көп бөлігі Пертербургте П. П. Семенов Тян-Шанскиймен бірлесіп өңделді. Ш. Уәлиханов былай деп жазды: «Күнделік аса ретсіз, есте сақтау үшін жазылған. Бәрін бір жүйеге келтіру керек. Жүріп өткен жерлер туралы ауқымды түсінікті, әрине, ешкім ала алмайды. Ертең қарауылға жеткенде, бізді мұқият тексеретіні күмәнсіз. Екі күннен кейін Қашқарда боламыз, әрі қарай не болады – Алланың қолында, соған үміт артамыз. Әумин!» «Мен бір жерге бірнеше кітапты көміп қойдым, оны жолда оқыған едім, керуенде болған орысша жазылған барлық қағазды жойдым» деп жазды өз естелігінде. Зерттеулер нәтижесі «Алтышардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының алты қаласының жай-күйі есебі» болды. Онда Ш. Уәлиханов Қашқарға апаратын және Алатау округіне қайтатын жолды сипаттайды. Қашқарға барған сапар сипаттамасын Шоқан «Географиялық қоғам жазбаларында» баса бастады, бірақ мезгілден тыс жеткен қаза оны аяқтауға мұрша бермеді.

Шоқан Уәлихановтың Қашқарға барған сәтті экспедициясынан кейін оның аты Омбыға ғана емес Петербургке де шықты. Көп ұзамай ол жақтан оны есеппен іссапарға дереу жіберу талап етілді. Оған Сыртқы істер министрлігінде, Бас штабта назар аударыла бастады.

Шоқан Уәлиханов Орыс географиялық қоғамына белсенді қатысты. Онда К. Риттердің еңбектерін басып шығаруға дайындады, Қазақстан мен Орта Азияның географиясы мен этнографиясы бойынша материал жасады, Шығыс Түркістанда, Тянь-Шань және Қырғызстан туралы қоғам мүшелеріне лекция оқыды. Лекциялары өте қызықты және әсерлі болып, олардың кейбіреулері газеттерде қысқаша мазмұнмен басылып шықты. Ол департамент жанындағы жоғары мектепте сабақ берді. Сол кезеңде жазған еңбектері: «Жоңғария очерктері», «Абылай», «Адольф Шлангинвейттің қаза табуының жағдайлары туралы мәліметтер» және басқалар. Петербургтен ойы кемелденіп байыған күйде оралды. Елінде болғанда достарымен байланысын үзген жоқ, хат жазысып тұрды. Қашқарияға барған саяхатымен бүкіл дүниежүзіне белгілі болды, оны ержүрек саяхатшы және талантты ғалым ретінде танылды. 1861 жылғы көктемде ауруына байланысты оған Петербургтен кетуге тура келді.



Шоқан өзінің сүйікті даласына қалуға мәжбүр болды. Үйіне оралған Шоқан әкесінің ауылы Сырымбетте тұрды, онда денсаулығын жақсартуға барлық жағдай жасалған еді. Денсаулығының сыр бергеніне қарамастан Ш. Уәлиханов далада жан-жақты ғылыми жұмыспен тынбай айналысты. Бұл туралы «Орыс географиялық қоғамының редакторы» А. Н. Бекетовке 1862 жылғы 2 қаңтарда жазған хатында: «Құдай үшін, Андрей Николаевич, маған далаға барометр, психрометр және бірнеше термометр жіберуге қолғабыс етіңізші, – мен тұрған дала бөлігі әлсіз зерттелген, климаттық тұрғыдан Верный туралы біраз нәрсе белгілі». 1864 жылдың көктемінде Ш. Уәлиханов полковник М. Г. Черняевтың экспедициясына қосылды және Оңтүстік Қазақстанды басып алған қоқан әскеріне қарсы әскери істерге қатысты. Экспедиция мақсаты – Орта Азияның Ресейге қосылуын аяқтау. Ол Әулие Ата бекінісін алуға қатысты.

Қосылу келіссөздер арқылы бейбіт жолмен жүргізілу керек болатын, Шоқанды осы іссапарға сондай мақсатпен жіберген, алайда Черняев жергілікті халыққа аса қаталдық жасады. Шоқан бір топ офицерлермен 1864 жылғы шілдеде Верный қаласына қайтты, әрі қарай қазақтардың Албан-Тезек руының аға сұлтанының ауылына барып, ол жерде оның қарындасы Айсараға үйленеді. Тезек ауылында ол қазақ аңыздар мен әңгімелерін жинауды жалғастырады, Батыс Қытайдағы жағдай туралы материалды қорытындылады. Петербургпен байланысын үзген жоқ. Соңғы мақаласы «Русский инвалид» журналының 1965 жылғы № 51 нөмірінде жарияланды. Шоқан Уәлиханов денсаулығын қалыпқа келтіре алмады. Ол 1856 жылғы 10 сәуірде Алтын Емел қырқасының етегінде Көшен-Тоған шатқалындағы Тезектің ауылында қайтыс болып, сол жерге жерленді.

**2015 жылы Әуликөл аудандық кітапханасында
Шоқан Уәлихановтың 180-жылдығына арналған
«Жұлдызы жанған ғалым» облыстық көшпелі семинар өтті**

Шоқан Уәлиханов – ерекше жаратылған, қайталанбас тұлға. Қазақтан шыққан ұлы ғалым. Өз еліне шын беріліп, оны терең сүйе білген Шоқан өмірі – біз үшін үлкен өнеге.

Ұлы ғалым Шоқан Шыңғысұлы ел халықтарының мәдениеті мен идеялық өмір тарихында маңызды орын алады. Шараның мақсаты – Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасы мен ағартушылық еңбектеріне байланысты мәліметтерді насихаттау, әріптестердің жұмыс тәжірибесімен танысу, кітапханашылардың біліктіліктерін арттыру үшін ғылыми ақпаратты талқылау.


Көркем ойдың тарихи маңызын терең ұғынып, оны ғылыми зерделеген Шоқан Уәлихановтың еңбектерін жан-жақты, жүйелі зерттей түсуді уақыттың өзі талап етіп отыр. Ғалым шығармалары дәуір рухымен үндес, пікірлері күні кеше немесе дәл бүгін айтылғандай тың, құнды.

Кітапханада өткен іс-шаралар: «Жұлдызы жаңған ғалым» кітап сөресі, «Шоқаны бар ел – шоқтығы биік ел» әдеби-тарихи кеш, «Вечная звезда степей» электрондық презентация, «В благодарной памяти потомков» буклет, «Любящий свой народ. Уәлиханов в истории Казахстана» библиографиялық көрсеткіш, «Яркая звезда Востока» Ш. Уәлихановтың жинақтық папкасы, «Шоқан – қазақ халқының мақтанышы» электрондық ойын, «Шоқан еңбектері – асыл мұра» портрет кеші, «Жұлдызы жанған ғалым» облыстық семинар.

Семинар барысында қатысушылар Ш. Уәлихановтың мұрасын оқып-білу тарихы туралы көптеген қызықты деректерді білді. № 28 Құсмұрын ОМ мұғалімі Бәкен Қайыпбаеваның сөз сөйлеуі Ш. Уәлихановтың туған жерінің пікірталасына арналды. Сонымен, бүгінгі таңда оның туған жерінің екі болжамды жері көрсетілген. Оның екеуі де Қостанай облысының аумағында, бұл Сарыкөл ауданының Күнтимес және Әуликөл ауданының Құсмұрын ауылдары.


Семинарда бірнеше баяндамалар, кітапхана көрмесіне шолу, виртуалды кітап көрмесі, Әулиекөл аудандық кітапханасында экскурсия, кәсіби пікірталас өтті.

Аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкерлері өз тәжірибелерімен бөлісті.



Әулиекөл ауылы

Шоқан музейінің бүгінгі биігі



Күреңбел өңіріндегі көркем бір дүние – Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейі. Мемлекет басшысының тапсырмасымен – ұлы саяхатшы жамбасы тиген топырақты түлетіп, барша жәдігерінің құтты мекеніне айналған музей жұмысын жанданған еді. Қазір мұражай жаңа кейіпке еніп,

екі мыңнан астам адамды қабылдап үлгеріпті. Аталған рухани нысанда 1130 экспонат қойылған. Соның ішінде ғалымның өзі тұтынған заттар да бар. Бұған дейін де «Алтынемел» мемориалды музейі көпшілікке таныс болғанымен, қайта жаңғыртудан өткеннен кейін мұнда келушілер қатары арта түскен. Музей директоры Марал Рахатованың айтуы бойынша, мұражайды көруге Швеция, Жапония, Еуропа, Ресей ғалымдары мен журналистері де бар.

Шоқан Уәлихановтың «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейі бүгінде туризмнің бір нысанына айналып үлгерген. Әрісі мұхит асып АҚШ-тан, бергісі Түркия елінен туристер арнайы келіп «Аққан жұлдыз» өмірімен танысып, жәдігерлерге көз суарып, шырайлы шығыс шұғыласының барша

дерегіне қанық болуда. Ал еліміздегі жоғары оқу орындарының білімгерлері мен ұстаздары, мектеп оқушылары шалғайдан келіп ғалым рухына тағзым жасап, мұраларымен танысуды дәстүрге айналдырған. Шүйгінді Шоқан ауылының қақ төрінен орын тепкен Шоқан музейі алдыңғы беттен қарағанда күрсінің үстінде ашылған кітап пішінде. Жоғары жақтан қарағанда бес жұлдыз бейнелі, қырынан зейін салса, Шоқанның төрт құлақты зираты іспетті салынған музей аймағы 3 гектар жерді алып жатыр. Міне, көнеден күмбір-күмбір сарын жеткізген музей мен мұңдалап тұрады. Мүзейге келушілер Шоқанның өскен ортасы, өмір жолы, зерттеу сапарлары, ғылыми еңбектері, ағартушылық идеялары туралы кең мағлұмат ала алады. Сол сияқты Шоқан өзі пайдаланған заттарды да көре алады. Мұнда ғалымның Қашқария сапарына алып барған тапаншасы мен сол жақтан тағып келген парша белбеуі, мыс табақ, қасық, бұрыш ұнтақтағыш сияқты тұрмыстық заттары бар. Ш. Уәлиханов жүріп өткен жолдарды бейнелеген, 250 кг қой жүнінен жасалған гобелен кілем музейге кіргеннен көз тартады.

Бұл суретші Шәміл Қожақановтың туындысы. Мұражайдың ашылуына арнайы дайындалған кілемде өрнекті матамен Яркенд, Қашғар, Құлжа, Алтынемел, Қапал, Верный, Аягөз, Семей қалаларымен Шоқанның жүріп өткен жолдары бейнеленіп тігілген. Гобеленнің ұзындығы 10 метр, көлденеңі 6 метр. Музейде «Чокану Валиханову» деген жазуы мен «1858» деген жыл белгісі бар



Шоқанның тапаншасы да тұр. «Шоқан Уәлихановтың патшалық Ресей үшін табысты атқарған ісінің бірі – Қашқария сапары. Аса маңызды әрі күрделі міндетті атқарушы адам ретінде Шоқанға өзін қорғау үшін арнайы осы тапанша берілген екен. «Бұл жәдігерді 1958 жылы қазіргі Алматыдағы Мемлекеттік орталық музейі Геннадий Василевич Попов деген азаматтан 100 рубльге сатып алыпты. Г. В. Поповқа қаруды 1936 жылы Оспан есімді азамат сыйға тартқан екен. Бұл жәдігер музейге Алматыдағы Орталық музейден Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай табыс етілген».

Шоқанның өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттап, жәдігерлерді жан-жақты таныстыру мақсатында музей көшпелі көрме ұйымдастырып тұрады. Мәселен, Алматы қаласындағы Орталық музейде, Ықылас атындағы аспаптар музейінде, Астана қаласындағы Қазақстан Қарулы күштерінің әскери-тарихи мұражайында, Талдықорған қаласындағы Мұхамеджан Тынышбайұлы музейінде және ғалымның туған жері Көкшетауда да бірнеше рет ұйымдастырылған.

Сондай-ақ, Шоқанның қазақ даласына Ресейден арнайы алғызып оқыған «Современник» журналын да музей жәдігерлерінің арасынан көруге болады.

Қашқария сапарынан оралғаннан кейін қызметте жүргенде оқыған журналы ма, әлде емделуге елге оралғаннан кейін алғызды ма, оны тап басып айту қиын. Дегенмен Шоқанның жазушы Федор Достоевскийге жазған хаттарының бірінде орыс басылымдарына қатысты айтатын тұсы бар екен: «Әлгінде айттым ғой: оқитын еш нәрсе жоқ. Сондықтан маған «Времяны» жібере көріңіз, кейін есептесерміз, ал егер қаржың болса, мен үшін «Современникке» жазыл», - деп жазады Шоқан досы Ф. Достоевскийге 1862 жылдың 15 қазанында жазған хатында. Не де болса, бұл қазақ даласына орыс достары арқылы алғызған журнал болуы мүмкін. Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, жәдігерлерді жан-жақты таныстыру мақсатында музей көшпелі көрме ұйымдастырып тұрады. «Келешекте музей экспозициясын заман талабына сай дамытуды жоспарлап отырмыз. Ол дегеніміз – музей экспозициясына сандық технологияларды енгізу, әрбір бөлімде ғалымның өмірі мен қызметіне қатысты мәліметтер енгізілген ақпараттық дүңгіршектер, аудиогид, ледэкран, музейдегі құнды экспонаттарға QR код орнаттыру мақсатында жұмыстарды қолға алмақпыз» – дейді М. Рахатова.

Өткен ғасырдың екінші жартысынан асқан шақта халқымыздың дара перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бір келелі жиында Шоқан тағылымын тілге тиек етіпті. Сол жиында ардақтысын алқалаған республика басшысының сөзінен арқаланған көкшетаулық азамат Шоқан жатқан жерді тарихи орынға айналдыру керек екенін, асылдың сүйегі Көкшетауда екенін айтыпты. Сонда Алаш ардақтысының ақтық демі қай жерде түгесілгенін білетін, басына қойылған белгітасты көзімен көрген Социалистік Еңбек Ері, майдангер Игібай Базарбайұлы сөз алып, жөн сілтейді, дәлелін келтіреді. Сұрапыл соғыста бір аяғын майдан даласына тастап келген майдангердің сөзіне дерек болған белгі тасты көреді. Шоқан өмірден өткен соң Кауфманның бұйрығымен Калпаковский осы белгі тасты түйеге артып, Екатеринбург қаласынан ғалым еңбегі үшін басына орнатыпты. Сол құлпытастың құлап, топыраққа сіңе жаздап жатқан жерінен кейінірек тапқан орыс диірменшісі Зизин үйіне алып келіп, қолдиірмен жасағысы келіпті. Ортасынан қашап бастағанда қиыршығы көзіне түсіп, кейіннен сол дертінен көз жұмыпты. Осындай қасиет пен кие тұнған құлпытас арқылы сүйегі табылып, табылған бас Ресей төріндегі зерттеу нәтижесінде қуатталған. Міне, осындай тарих арқылы еңсе тіктеген музей бүгінде облыс туризмінің бір тетігіне айналғаны да рас.

2023 жылы Әуликөл ауданындағы Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінің «Жас турист» үйірмесінің мүшелері Шоқан Уәлиханов мұражайына экскурсияға барды. Ондағы мақсат – жоспар бойынша және ұрпақтар сабақтастығы аясында Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мұражайымен алтын көпір орната отырып, байланыс жасау және құнды жәдігерлермен танысу.



«Алтынемел» мемориалдық мұражайдағы Шоқан Уәлихановтың мүсіні жанында суретке түстік

Ұлы ғалымның өмірі мен еңбек жолы әскери қызметі, тарихи-этнографиялық зерттеулері және ғұмырының соңғы кезеңі туралы тарихи деректер мен және жәдігерлермен таныстырылды. Экспозицияда Шоқанның жеке заттары – қаруы, ер тоқымы, карталары мен сызбалары, қолжазбалары, саяхат пен экспедициялар барысында жасалған графикалық және көркем суреттері, халық қолданбалы өнерінің топтамалары көрсетілген. Музыкалық аспаптар ғалымның қазақ аңыздары мен әндеріне деген қызығушылығы мен жылы ықыласын дәлелдейді. Қырғыз, ұйғыр, қытайлық ұлттық киімдері бұйымдар саяхаттары кезінде жинаған минералдар ғалымның зерттеу қызығушылықтарын көрсетеді. Кейін ғалымның жерленген зиратының басына барып құран бағыштап, рухына тағзым еткен. Экспедиция мүшелері мұражайдан, жалпы, Алматы қаласындағы өткен күндерін ұмытылмайтын сәтке айналып, үлкен әсермен оралған.

Кітаптары:

1. Уәлиханов, Ш. Алтышаһарға сапар [Мәтін] / Ш. Уәлиханов. – Алматы : Атамұра, 2006. – 303, [1] б.
2. Уәлиханов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 1 / Ш. Уәлиханов ; жобаның үйлестірушісі : Е. Б. Саиров, құраст. : В. Я. Басин, И. В. Ерофеев ж.б. – Алматы : [Толағай групп], 2010. – 372, [4] б.
3. Уәлиханов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 2 / Ш. Уәлиханов ; жобаның үйлестірушісі : Е. Б. Саиров, құраст. : Х. А. Арғынбаев, К. А. Біржанов ж.б. – Алматы : [Толағай групп] 2010. – 461, [3] б.
4. Уәлиханов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 3 / Ш. Уәлиханов ; жобаның үйлестірушісі : Е. Б. Саиров ; құраст. В. А. Мойсеев. – Алматы : [Толағай групп] 2010. – 421, [3] б.
5. Уәлиханов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 4 / Ш. Уәлиханов ; ғыл. ред. К. Есмағамбетов. – Алматы : [Толағай групп], 2010. – 495, [1] б.
6. Уәлиханов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 5 / Ш. Уәлиханов ; ғыл. ред. К.Есмағамбетов. – Алматы : [Толағай групп], 2010. – 527, [1] б.
7. Уәлиханов, Ш. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] Т. 6: Әдебиеттердің мазмұндалған көрсеткіші. Аннотированный указатель литературы / Ш. Уәлиханов ; жобаның үйлестірушісі : Е. Б. Саиров, құраст. : А. Ә. Сарым, Т. Е. Жабелова. – Алматы : [Толағай групп], 2010. – 253, [3] б.
8. Уәлиханов, Ш. Шығармалары [Мәтін] / Ш. Уәлиханов. – Алматы : Ана тілі, 2010. – 319, [1] б.

Ол туралы

1. Абзалова, Сымбат. Құнды жәдігерлермен таныстық [Мәтін] : Шоқан, Ахмет аталарымыздың мұражайында болып, ондағы ғалымдардың тұтынған заттарымен танысып, үлкен әсер алдық / Сымбат Абзалова ;

- суреттер автордың мұрағатынан алынды // Әуликөл. – 2023. – 30 қараша. – Б. 8.
2. Абуталипова, Әсемгүл. Екі мәдениеттің ұлы – Шоқан Уәлиханов [Мәтін] : Ғалым бір елдің мәдениетінің ғана емес, бірнеше елдің мәдениетін қарастырып, зерттеді / Әсемгүл Абуталипова // Әуликөл. – 2020. – 12 қараша. – Б. 5.
 3. Алпысұлы, Серікбай. Шоқан қазасы кісіден болған ба? [Мәтін] : дерек / Серікбай Алпысұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 7 қазан. – Б. 7.
 4. Асан, Мирас. Ту тұғырындағы тарих [Мәтін] / Мирас Асан // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 7 наурыз. – Б. 5.
 5. Ахмен, Еділ. Тарихтан тәбәрік [Мәтін] : [жәдігер] / Еділ Ахмен // Қостанай таңы. – 2016. – 14 қазан. – Б. 11.
 6. Әбдуәли, Аян. Омбы қазақтары [Мәтін] : туралы энциклопедия жарық көрді : [ғалым Ш. Уәлихановтың 180 жылдығы мен Омбы қаласының 300 жылдығына арналған шара] / Аян Әбдуәли // Егемен Қазақстан. – 2015. – 24 желтоқсан. – Б. 10.
 7. Әбжанов, Ханкелді. Шоқан және тұлғатану [Мәтін] : Шоқан Уәлихановтың туғанына 175 жыл / Ханкелді Әбжанов // Егемен Қазақстан. – 2010. – 22 қазан. – Б. 5.
 8. Әлкеев, Руслан. Бастамашыл топтың бастамасы [Мәтін] : [«Туған жер» бағдарламасы] / Руслан Әлкеев // Қостанай таңы. – 2017. – 25 шілде. – Б. 5.
 9. Әлкеев, Руслан. «Ол – халықтың баласы болды» [Мәтін] : [ғалым Шоқан Уәлиханов туралы] / Руслан Әлкеев // Қостанай таңы. – 2015. – 3 қараша. – Б. 7.
 10. Әлпейісова, Камал. Бізбен құрдас ескерткіш [Мәтін] : [Шоқан Уәлиханов ескерткіші] / Камал Әлпейісова // Қостанай таңы. – 2023. – 16 маусым. – Б. 14.
 11. Базарбай, Анар. «Таулардан биік теңізден терең» [Мәтін] : [кітап көрмесі] / Анар Базарбай // Қостанай таңы. – 2015. – 23 қыркүйек. – Б. 12.
 12. Байжігітов, Назарбек. Ош қаласы неге қасиетті жер деп аталған? [Мәтін] : (Шоқан Уәлиханов жазбаларының ізімен) / Назарбек Байжігітов // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 4 тамыз. – Б. 11.
 13. Балтабаева, Ажар. Ақыл-ойдың алыбы [Мәтін] : Шоқан Уәлихановтың туғанына 180 жыл / Ажар Балтабаева // Қостанай таңы. – 2015. – 28 шілде. – Б. 7.
 14. Дербісәлі, Әбсаттар. Үш бәйтерек [Мәтін] : М. Х. Дулати, Шоқан Уәлиханов және Әлкей Марғұлан сабақтастығы хақында / Әбсаттар Дербісәлі // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 мамыр. – Б. 9.
 15. Еділбай Ахменов: «Шоқан сырт жақта әлдеқайда ардақтырақ» [Мәтін] : [ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толады] / сұхбаттасқан – Жандос Жүсіпбек // Қостанай таңы. – 2024. – 26 шілде. – Б. 6–7.

- 16.Ерішев, Ғалымжан. Өшпейтұғын артында із қалдырған [Мәтін] : [шығыстанушы, фольклорист Ш. Уәлиханов туралы] / Ғалымжан Ерішев // Әулиекөл. – 2015. – 26 қараша. – Б. 2.
- 17.Есали, Айнаш. «Қазақтың қос ұлына қарыздармыз» [Мәтін] : Бішкекте Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығы аталып өтті / Айнаш Есали // Егемен Қазақстан. – 2015. – 17 қараша. – Б. 5.
- 18.Есенжол, Азамат. Шоқан бейнесіндегі Сағи [Мәтін] : [Шоқан Уәлиханов фильмі жайында] / Азамат Есенжол // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2023. – 30 қаңтар. – Б. 12.
- 19.Есепбай, Жанбота. Шоканның досы [Мәтін] : [Г. Н. Потанин туралы] / Жанбота Есепбай // Қазақ әдебиеті. – 2015. – № 38. – Б. 1, 6.
- 20.Есқали, Өмір. Тектілер түлеп ұшқан киелі мекен [Мәтін] : [Шоқан Уәлиханов атындағы аудан] / Өмір Есқали ; суреттерді түсірген Амангелді Бекмұратов // Егемен Қазақстан. – 2018. – 3 тамыз. – Б. 5.
- 21.Еуразия мәдени кеңістігіндегі ұлы мұра [Мәтін] : Шоқан Уәлихановтың туғанына 175 жыл // Қостанай таңы. – 2010. – 12 қазан. – Б. 3.
- 22.Жұмабай, Нәзерке. Шоқан туралы шедевр [Мәтін] : [суретші Мағауия Аманжоловтың «Шоқан Уәлиханов Айша бибі мавзолейінде» деген суреті туралы] / Нәзерке Жұмабай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 1 наурыз. – Б. 19.
- 23.Жұмабай, Садық. Сатай, Шоқан түнеген жер [Мәтін] : [Сатай батыр мен ғалым Ш. Уәлиханов түнеген Шұбарағаш тоғайы] / Садық Жұмабай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 19 шілде. – Б. 11.
- 24.Жүсіпбек, Жандос. «Шоқан ізімен»: баспасөз туры қорытындыланды [Мәтін] : [биыл өңірде «Шоқан Уәлиханов ізімен» баспасөз туры ұйымдастырылды] / Жандос Жүсіпбек // Қостанай таңы. – 2024. – 30 қазан. – Б. 4.
- 25.Зұлхаров, Ғабит. Шоқан күнделігі шерткен сыр [Мәтін] / Ғабит Зұлхаров // Егемен Қазақстан. – 2014. – 9 қаңтар. – Б. 6.
- 26.Исмаилова, Фатима. Жұлдызы жанған ғалым [Мәтін] : [аудандық кітапханада облыстық көшпелі семинар өтті] / Фатима Исмаилова ; Суреттерді түсірген Жанат Тұрмұхамбетова // Әулиекөл. – 2015. – 8 қазан. – Б. 5.
- 27.Кайпбаева, Бәкен. Ұлы ғалымның туған жері – Орта бұлақ [Мәтін] : [Ш. Уәлихановтың туған жері туралы] / Бәкен Кайпбаева // Әулиекөл. – 2015. – 22 қазан. – Б. 2.
- 28.Күмісбек, Мұхтар. Аққан жұлдыз ізімен [Мәтін] : [Ш. Уәлиханов атындағы мұражай жайында] / Мұхтар Күмісбек // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 1 желтоқсан. – Б. 13.
- 29.Күмісбек, Мұхтар. Шоқан музейінің бүгінгі биігі [Мәтін] : [Күреңбел өңіріндегі Ш. Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды музейі] / Мұхтар Күмісбек // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2024. – 9 тамыз. – Б. 12.
- 30.Кішібеков, Досмұхамед. Тарих ғылымының көшбасшысы [Мәтін] : [Шоқан Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының құрылғанына


- 75 жыл толды] / Досмұхамед Кішібеков // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 27 қаңтар. – Б. 10.
- 31.Қайдар, Рауан. Ұлт мұрасын ұлықтағандар [Мәтін] : [географиялық қоғамы] / Рауан Қайдар // Егемен Қазақстан. – 2016. – 12 наурыз. – Б. 10.
- 32.Қайратұлы, Бекен. Хакімнің Омбыдағы үйі [Мәтін] : [Омбы қаласындағы Шоқан Уәлиханов көшесінің бойынан ағартушы ғалым оқыған Кадет корпусының дәл іргесінен Abai Uii қазақ мәдени-іскерлік орталығы ашылды] / Бекен Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 24 қыркүйек. – Б. 6.
- 33.Қайратұлы, Бекен. Шоқанның жазбалары құндылығын жоймайды [Мәтін] : [Ш. Уәлихановтың 185 жылдығына орай XIX ғ. екінші жартысында жазған «Сот реформасы туралы жазба» атты құнды еңбегі таныстырылды] / Бекен Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 1 қыркүйек. – Б. 13.
- 34.Қайратұлы, Бекен. Шоқанның жолын қуған журналист [Мәтін] : [қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлы] / Бекен Қайратұлы ; суретті түсірген Ерлан Омар // Егемен Қазақстан. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 7.
- 35.Қайратұлы, Бекен. Шоқанның тапаншасы [Мәтін] : [туралы] / Бекен Қайратұлы ; суретті түсірген Орынбай Балмұрат // Егемен Қазақстан. – 2017. – 20 қазан. – Б. 12.
- 36.Қайыпбаева, Бәкен. Құсмұрын. Орта бұлақ [Мәтін] / Бәкен Қайыпбаева // Қостанай таңы. – 2015. – 3 қараша. – Б. 7.
- 37.Қанафияұлы, Назарбек. Шоқан мұрасы – дәуір шежіресі [Мәтін] / Назарбек Қанафияұлы // Егемен Қазақстан. – 2014. – 12 сәуір. – Б. 9.
- 38.Қиысханұлы, Қыдырбек. Ұлттың ұлысы – Шоқан! [Мәтін] : [Шоқан Уәлихановтың туғанына 180 жыл] / Қыдырбек Қиысханұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 18 қыркүйек. – Б. 1, 2.
- 39.Қонысбай, Кенже. Шоқан Уәлихановқа арналған көрме ашылды [Мәтін] / Кенже Қонысбай ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы) – 2015. – 11 қыркүйек. – Б. 11.
- 40.Қуанова, Роза. Шоқан жерленген жерде [Мәтін] : [Шоқан Уәлиханов туралы] / Роза Қуанова ; суреттерді түсірген автор // Қостанай таңы. – 2010. – 1 қыркүйек. – Б. 6.
- 41.Қуатбек, Ерболат. «Шаһид кешті Шоқаның...» [Мәтін] : [саяхатшы Уәлиханов] / Ерболат Қуатбек // Егемен Қазақстан. – 2018. – 6 қараша. – Б. 10.
- 42.Құрмашұлы, Жан. Шоқанды ардақтай алдық па? [Мәтін] : [ғылым Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл] / Жан Құрмашұлы ; суретті түсірген – Нұржан Смайылов // Қостанай-АГРО. – 2024. – 22 тамыз. – Б. 8.
- 43.Құсайынұлы, Қайсар. Шоқан мұралары туралы ой-толғамдар [Мәтін] / Қайсар Құсайынұлы // Ақиқат. – 2010. – № 12. – Б. 41–45.
- 44.Минасова, А. Жұлдызы жанған ҒАЛЫМ [Мәтін] : [Л. Н. Толстой атындағы ОӘҒК Әулиекөл аудандық орталық кітапханасының базасында

- облыстық семинар өтті] / А. Минасова // Қостанай таңы. – 2015. – 20 қазан. – Б. 12.
45. Минасова, А. Жұлдызы жанған Ғалым [Мәтін] : Өткен ғасырда қазақ ойының аспанына жарқ етіп шығып, жалт етіп ағып түскен жарық жұлдыз Шоқан Уәлиханов болғаны бүгінде баршаға аян / А. Минасова // Қостанай таңы. – 2015. – 20 қазан. – Б. 12.
46. Мұса, Самат. Қазақстанның танымал тұлғалары [Мәтін] : [үш томдық кітап] / Самат Мұса // Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 желтоқсан. – Б. 4.
47. Мырзағожин, Қанапия. Шоқан ауылының азаматтары [Мәтін] : [ғалым Ш. Уәлихановтың туған жері Күнтеміс деген пікір туралы] / Қанапия Мырзағожин // Егемен Қазақстан. – 2015. – 11 қараша. – Б. 5.
48. Налмишова, Қызбибі. Халқы қастерлеген Шоқан [Мәтін] : [ғалым Уәлиханов] / Қызбибі Налмишова // Егемен Қазақстан. – 2016. – 9 қаңтар. – Б. 11.
49. Парманқұл, Сапарбай. Шоқанды ынтықтырған Шартас [Мәтін] : [тасты өлке] / Сапарбай Парманқұл // Егемен Қазақстан. – 2018. – 8 тамыз. – Б. 8.
50. Садыр, Берік. Шоқанның керуен жолы [Мәтін] : [кітаптың тұсаукесері] / Берік Садыр // Егемен Қазақстан. – 2016. – 9 ақпан. – Б. 8.
51. Серікқызы, Эльвира. Шоқан мұрасы дәріптелді [Мәтін] : [ғалым Шоқан Уәлиханов туралы] / Эльвира Серікқызы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 21 сәуір. – Б. 6.
52. Смағұлова, Г. Шоқтығы биік [Мәтін] : [Аудандық кітапханада «Шоқан халқымыздың жарық жұлдызы» атты тарихи сағат өтті] / Г. Смағұлова // Әулиекөл. – 2010. – 15 желтоқсан. – Б. 5.
53. Сүйінкина, Биалаш. Даланың дара дарыны [Мәтін] : [ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туралы] / Биалаш Сүйінкина // Қостанай таңы. – 2020. – 25 қараша. – Б. 6.
54. Сүйінкина, Биалаш. Шоқан «құлқынқұмарлар» деп атаған [Мәтін] : [ғалым Ш. Уәлиханов жемқорлық мәселесі туралы] / Биалаш Сүйінкина // Қостанай таңы. – 2021. – 20 қаңтар. – Б. 6.
55. Тайкешова, Балауса. Тұлғаның өмірлік тәлімі – рухани жаңғыру [Мәтін] : [Шоқан Уәлиханов туралы] / Балауса Тайкешова, Ә. Абуталипова // Қостанай таңы. – 2018. – 17 қаңтар. – Б. 8.
56. Филдинг, Ник. Шоқан Уәлиханов және ағылшын тілді әлем [Мәтін] : [ғалым Ш. Уәлихановтың таңдамалы еңбектерінің ағылшын тіліндегі басылымы] / Ник Филдинг // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 9 маусым. – Б. 13.
57. Шапиян, Марфуға. Ханым [Мәтін] : [Айғаным туралы] / Марфуға Шапиян // Қостанай таңы. – 2016. – 20 сәуір. – Б. 13.
58. Шаяхмет, Ақылбек. Найзағайдай жарқ еткен жасын-ғұмыр [Мәтін] : [Шоқан Уәлиханов туралы] / Ақылбек Шаяхмет // Ана тілі. – 2010. – 4–10 қараша. – Б. 1, 6–7.
59. Шаяхмет, Ақылбек. Шоқанның шері [Мәтін] : Бір актілі, тоғыз көріністі пьеса / Ақылбек Шаяхмет // Қостанай таңы. – 2010. – 23 қараша. – Б. 5 ; 24 қараша. – Б. 5 ; 26 қараша. – Б. 8 ; 30 қараша. – Б. 4–5.

- 60.«Шоқан Уәлихановтың ізімен» атты байқау жарияланды [Мәтін] : [ашық аспан астында музей салудың үздік жобалары] / [газ. ред.] // Қостанай таңы. – 2024. – 23 тамыз. – Б. 3.
- 61.Ілияс, Б. Шоқанның Құсмұрыны [Мәтін] : [өлең] / Б. Ілияс // Егемен Қазақстан. – 1994. – 23 шілде. – Б. 7.

Сценарийлер

1. Әлібекова, Г. Б. Шығыстың жарық жұлдызы [Мәтін] : Әдеби кеш / Г. Б. Әлібекова // Мектептегі кітапханашы = Библиотекарь в школе. – 2016. – № 11. – Б. 22–23.
2. Тобықбаева, Г. Дала жұлдызы [Мәтін] : Сапарғали Бегалиннің туғанына 120 жыл, Шоқан Уәлихановтың туғанына 180 жыл толуына орай / Г. Тобықбаева // Мектептегі кітапханашы = Библиотекарь в школе. – 2017. – № 3. – Б. 2–4.
3. Шаяхметов, Канатбек Болаханович. Шоқан және орыс ғалымдары [Мәтін] : Ашық сабақ / Канатбек Болаханович Шаяхметов // Асанәлі. – 2021. – № 2. – Б. 10–11.



Ұлы тұлғалар уақытпен санаспайды. Қайта жыл өткен сайын жаңара һәм түрлене түседі, тереңіне одан сайын батырады. Сіз бен біз сол тұныққа бойлай аламыз ба? Мәселе сонда... Жердегі әрбір адам жұлдызға айналса зеңгір көкке сыймас еді-ау. Ай да азап шегер ме еді, кім білсін!? Содан да шығар қазақтың жұлдызы санаулы болғаны.

Чокан Валиханов – человек будущего, который жил в прошлом (вместо предисловия)

Творческое наследие выдающегося мыслителя и демократа Чокана Валиханова представляет собой богатейшую сокровищницу для истории культуры и общественной мысли нашей страны. Он был первым европейски образованным казахом, первым настоящим учёным в истории казахского народа.

Жизнь этого замечательного учёного, оставившего потомству огромное научное наследие, удивительно интересна. Он был рождён для науки, для прогресса в буквальном смысле этого слова.

В своих трудах Валиханов затрагивал области истории, географии, этнографии, политики, экономики и культуры родного края.

До появления феномена Ч. Валиханова казахский народ жил в лоне традиционной народной культуры в своём государстве, на своей земле. Казахи имели свою национальную духовную культуру.

Со времени присоединения Казахстана к России, включения степи в европейскую и мировую цивилизационную орбиту, жизнь стала меняться. Началась постепенная трансформация привычного образа жизни, что повлекло за собой ломку старой традиционной культуры.

Ломка традиционных устоев жизни, старого жизненного уклада осмыслялась в творчестве казахских акынов, жырау. Они предвещали тяжёлые времена.

Первые казахские просветители по-другому, по-новому стали решать вопрос о будущем своего народа. В отличие от жырау, Валиханов, Алтынсарин, Кунанбаев предложили народу реальный и единственный выход из сложившегося критического положения. Этот выход просветители увидели в освоении казахами новой культуры, в приобщении к науке и образованию. Призывая народ к овладению новыми формами хозяйствования, быта, они объективно выступали за социально-экономический и культурный прогресс Казахстана.

Чокан Валиханов был первым, кто не просто говорил и писал о необходимости просвещения, он сам стал таким первым европейски образованным человеком в степи, первым действительным членом Русского географического общества, чьи труды получили известность не только в России, но и далеко за её пределами.

Следует понимать, что феномен Чокана Валиханова имеет исключительное значение в жизни казахского народа, в развитии его самосознания. Пример Валиханова вдохновил народ, вселил в него уверенность в собственных возможностях. Вслед за первыми просветителями к современной науке, культуре, образованию потянулись многие и многие, и потому значение такого человека, как Валиханов, трудно переоценить.

Своё восхищение о Валиханове как выдающемся учёном и талантливым человеке выражали русский писатель Ф. М. Достоевский, знаменитые учёные П. П. Семёнов-Тян-Шанский, Г. Н. Потанин, Н. И. Веселовский, И. В. Мушкетов и другие.

Примечательна глубокая личная дружба, связывавшая Ч. Ч. Валиханова с Ф. М. Достоевским, Г. Н. Потаниным, К. К. Гутковским, М. М. Хоментовским, обширные связи с П. П. Семёновым-Тян-Шанским, Е. П. Ковалевским и другими.

Будучи патриотом своего народа, Валиханов постоянно стремился защищать его права, веря в его историческое будущее и связывая это с просвещением и образованием. В рецензии из «Тургайской газеты» академика В. В. Бартольда написано, что «народ свой он любил – это бесспорно... Он говорил, что прежде всего любит свой народ, потом Сибирь, потом Россию, потом всё человечество».

Биография



Осенью 1834 г. в местности Караоба, расположенной в среднем течении реки Обаган, что протекает через озеро Кушмурун на север и впадает в Тобол, и издавна была известна народу как центр буйной ярмарки, произошло событие, собравшее очень много людей со всей округи. Это был съезд, посвящённый церемонии выборов старшего султана Аманкарагайского округа – нового административного края на казахской земле. Округ охватывал территорию между реками Есиль и Тобол.

